ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

«ТӘЛІМГЕР»
ЖАСТАР ҚОҒАМДЫҚ
БІРЛЕСТІГІ

«ТӘЛІМГЕР» ЖҚБ

ПАВЛОДАРСКАЯ ОБЛАСТЬ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

МОЛОДЁЖНОЕ ОБЩЕСТВЕННОЕ
ОБЪЕДИНЕНИЕ
«ТӘЛІМГЕР»

Павлодар обл., Павлодар ауд., Кемеңгер
а., Тәуелсіздік, № 7

Павлодарская обл., Павлодарский р.,
с.Кеменгер, Тауелсиздик, № 7

23.04.2026 ж. № 15

Қаражал қаласы әкімдігінің
«Қаражал қаласының жастар
ресурстық орталығы» КММ

ШАҒЫМ

(конкурс қорытындылары бойынша)

«ТӘЛІМГЕР» жастар қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Шағым берушілер) Қаражал қаласы әкімдігінің «Қаражал қаласының жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 20 сәуірдегі № 17524235-ГСЗ1 Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде өткізілген конкурстың қорытындылары туралы хаттама шешімімен келіспей, осы шағымды береді.

Шағымның негіздемесі:

1. Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы және егер жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылса - тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі бойынша:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының конкурстық құжаттамаға 21-қосымшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы және тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі бойынша келесідей баллдар есептелуі тиіс.

Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы	*0 балл*	*әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болмауы*
	1 балл	*әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы әлеуетті өнім берушінің екі жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі*
	2 балл	*әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі екі жылдан астам және бес жылға дейін қоса алғанда*
	3 балл	*әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы жұмыс тәжірибесі бес жылдан астам және сегіз жылға дейін қоса алғанда*
	4 балл	*әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы жұмыс тәжірибесі сегіз жылдан астам*

	5 балл	*сатып алынатын қызметтердің нысанасына, мақсаттарына сәйкес келетін ұқсас қызметтерді көрсету нарығында әлеуетті өнім берушінің екі жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі*
	6 балл	*сатып алынатын қызметтердің нысанасына, мақсаттарына сәйкес келетін ұқсас қызметтерді көрсету нарығында әлеуетті өнім берушінің екі жылдан астам және бес жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі*
	7 балл	*сатып алынатын қызметтердің нысанасына, мақсаттарына сәйкес келетін ұқсас қызметтерді көрсету нарығында әлеуетті өнім берушінің бес жылдан астам және қоса алғанда сегіз жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі*
	8 балл	*сатып алынатын қызметтердің нысанасына, мақсаттарына сәйкес келетін ұқсас қызметтерді көрсету нарығында әлеуетті өнім берушінің сегіз жылдан астам жұмыс тәжірибесі*
*Жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырған жағдайда-үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі**	*0 балл*	*Әлеуетті өнім берушінің аталған аумақта әлеуметтік жобаларды іске асыру жұмыс тәжірибесі жоқ*
	2 балл	*Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта әлеуметтік жобаларды іске асыруда екі жылды қоса алғандағы жұмыс тәжірибесі бар*
	4 балл	*Әлеуетті өнім берушінің аталған аумақта әлеуметтік жобаларды іске асыру жұмыс тәжірибесі екі жылдан астам және бес жылға дейін қоса алғанда бар*
	6 балл	*Әлеуетті өнім берушінің аталған аумақта бес жылдан астам әлеуметтік жобаларды іске асыру жұмыс тәжірибесі бар*

1. Конкурстық комиссия тарапынан «TURAQTY DAMU» ЖҚБ-ға әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуына 6 балл есептелген. Алайда, «TURAQTY DAMU» ЖҚБ ұсынған құжаттарды зерделеу барысында аталған өнім берушінің «Жасыл ел» еңбек жасақтарының жұмысын ұйымдастыру жобасы бойынша тек 2023 жылы, яғни 1 жыл ғана жұмыс тәжірибесі бар екені анықталды. **Осыған байланысты «TURAQTY DAMU» ЖҚБ-ға әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуына 6 баллдың орнына 5 балл қойылуы тиіс.**

2. Конкурстық комиссия тарапынан «Nurly jurek ordasy» мүгедектердің қоғамдық бірлестігіне әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуына 6 балл, тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесіне 4 балл есептелген. Алайда, «Nurly jurek ordasy» мүгедектердің қоғамдық бірлестігі ұсынған құжаттарды зерделеу барысында аталған өнім берушінің «Жасыл ел» еңбек жасақтарының жұмысын ұйымдастыру жобасы бойынша тек 2025 жылы, яғни 1 жыл ғана жұмыс тәжірибесі бар екені, сондай-ақ Ұлытау облысындада небәрі 1 жыл жұмыс тәжірибесі бар екені анықталды. **Осыған байланысты «Nurly jurek ordasy» мүгедектердің қоғамдық бірлестігіне әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі үшін 6 баллдың орнына 5 балл, ал тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйым тәжірибесі үшін 4 баллдың орнына 2 балл қойылуы тиіс.**

3. Конкурстық комиссия тарапынан «JYLY JYREK GROUP» қоғамдық қорына әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуына 6 балл есептелген. Алайда, «JYLY JYREK GROUP» қоғамдық қоры ұсынған құжаттарды зерделеу барысында аталған өнім берушінің «Жасыл ел» еңбек жасақтарының жұмысын ұйымдастыру жобасы бойынша жұмыс тәжірибесі жоқ екені анықталды. **Осыған байланысты, «JYLY JYREK GROUP» қоғамдық қорының 2022, 2024 және 2025 жылдардағы жалпы 3 жылдық жұмыс тәжірибесін ескере отырып, әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі үшін 6 баллдың орнына 2 балл қойылуы тиіс.**

4, Конкурстық комиссия тарапынан "Өркениетті Қазақстан" ҚБ-ға әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуына 7 балл, тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесіне 6 балл есептелген. Алайда, "Өркениетті Қазақстан" ҚБ ұсынған құжаттарды зерделеу барысында аталған өнім берушінің «Жасыл ел» еңбек жасақтарының жұмысын ұйымдастыру жобасы бойынша тек 2025, 2024, 2023, 2022 жылы, яғни 4 жыл ғана жұмыс тәжірибесі бар екені, сондай-ақ Ұлытау облысындада 2025, 2024, 2023, 2022 жылы 4 жыл жұмыс тәжірибесі бар екені анықталды. **Осыған байланысты Өркениетті Қазақстан" ҚБ-ға әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі үшін 7 баллдың орнына 6 балл, ал тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйым тәжірибесі үшін 6 баллдың орнына 4 балл қойылуы тиіс.**

2. Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі бойынша:

Конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім берушілер — «TURAQTY DAMU» ЖҚБ, «Nurly Jurek Ordasy» мүгедектер қоғамдық бірлестігі, «Тәлімгер» жастар қоғамдық бірлестігі, «JYLY JYREK GROUP» қоғамдық қоры, «Өркениетті Қазақстан» қоғамдық бірлестігіне әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі үшін 4 балл қойылған.

Алайда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 6-параграфының 78-тармағында:

– *«**Егер конкурстық құжаттамада еңбек ресурстарының болуы жөніндегі талап қамтылған жағдайда**, онда еңбек ресурстарының болуы қызметкердің біліктілігі туралы құжаттың электрондық көшірмесімен, сондай-ақ қызметкердің электрондық цифрлық қолтаңбасы не еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі арқылы расталады.*

***Еңбек өтілі бойынша талап болған жағдайда**, аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірменің немесе жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтердің электрондық көшірмесі және Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың бірі қызметкердің еңбек өтілін растайтын құжат болып табылады.»,* – деп көрсетілген.

Яғни, тапсырыс беруші бекіткен техникалық сипаттамада мамандардың еңбек өтіліне қатысты нақты талап болған жағдайда ғана тиісті балл қойылуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының конкурстық құжаттамаға 21-қосымшасына сәйкес, әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігіне келесідей баллдар қойылады.

0 балл	-	*Жобаны және (немесе) бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламалардың қызмет түрлеріне сәйкес жеткілікті өтілі мен біліктілігі болмайды немесе мамандардың өтілі мен біліктілігі тиісті құжаттармен расталмайды*
2 балл	-	*Жобаны және (немесе) бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың тиісті құжаттармен расталған ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламалардың қызмет түрлеріне сәйкес жеткілікті өтілі немесе біліктілігі болады*
4 балл	-	*Жобаны және (немесе) бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың тиісті құжаттармен расталған ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) Бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес жеткілікті өтілі мен біліктілігі болады*

Осы орайда, тапсырыс беруші бекіткен техникалық сипаттамада мамандардың жұмыс өтіліне қатысты талаптың болмауына байланысты 4 балл қою заң талаптарына қайшы болып табылады. **Осыған байланысты жоғарыда аталған барлық әлеуетті өнім берушілерге 4 баллдың орнына 2 балл есептелуі тиіс.**

Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, «ТӘЛІМГЕР» ЖҚБ:

1. Қосымшада ұсынылған кестеге сәйкес конкурс өтінімдерін қайта қарап, баллдарды заң талаптарына сәйкес қайта есептеуді сұрайды;
2. Әрбір әлеуетті өнім беруші бойынша қойылған баллдардың негіздемесін (қай құжатқа сүйеніп қойылғанын) жазбаша түрде ұсынуды сұрайды;
3. Бағалау барысында жіберілген қателіктер бойынша конкурстық комиссияның шешімін қайта қарауды талап етеді;
4. Шешім қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын толық сақтауды қамтамасыз етуді сұрайды;
5. Осы шағым бойынша қабылданған шешім туралы жазбаша жауап беруді талап етеді.

«ТӘЛІМГЕР» ЖҚБ Директоры _____ / Н. Бейбитов /

ШАҒЫМҒА ҚОСЫМША

Қағиданың 412-тармағында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдану нәтижелері туралы ақпарат:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ССН/ТЕН	Шартты жеңілдіктер, %						Жалпы балл	Шартты төмендеудің мөлшері, %
			Әлеуетті жеткізуші ұсынған жобаның тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасының талаптарына келесі бөлімдерді қоса алғанда сәйкестігі:	Әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының (құрылтайшы құжаттарына сәйкес) Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Заңның 5-бабында көзделген бағыттарға сәйкестігі	Әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер	Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы	Егер жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылса - тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі	Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына (ҚР Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген)		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	"TURAQTY DAMU" ЖҚБ	160340003819	6	2	2	5	4	2	21	20
2	"Nurly jurek ordasy" мүгедектердің ҚБ	250240001263	6	2	2	5	2	2	19	20
3	"Тәлімгер" жастар қоғамдық бірлестігі	061140024231	6	2	2	7	0	2	19	20
4	"JYLY JYREK GROUP" Қоғамдық Қоры	201240035320	6	2	2	2	4	2	18	20
5	"Өркениетті Қазақстан" ҚБ	140140018559	6	2	2	6	4	2	22	20